



**Автор:** Шаукенова Айгуль Майшабайқызы

**Пән:** Математика

**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Кестеден тыс көбейту және бөлу

**Тақырып:** Көбейтудің үлестірімділік қасиеті Тақырыбы: Бау-бақ құрылысы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.2.12 нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейту/бөлу тәсілін қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін:Қосындыны санға көбейту ережесін білу. Бірқатар оқушылар үшін:Қосындыны санға көбейту ережесін ауызша есептеуде қолдану. Кейбір оқушылар үшін: Қосындыны санға көбейту ережесін тиімді есептеу үшін қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Ауызша көбейту орындауда қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіру Пәндік лексика және терминология: Өрнек, қосындыны санға көбейту Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талқылау: Қосындыны санға қалай көбейтуге болады? Бұл қасиеттерді тиімді есептеу үшін қалай қолдануға болады? Жазу: Өрнектерді жазу.
Күтілетін нәтиже:	Сабақта алған білімдерін өмірде пайдалана алады.
Бағалау критерийлері:	Қосындыны санға көбейту ережесін біледі. Қосындыны санға көбейту ережесін ауызша есептеуде қолданады. Қосындыны санға көбейту ережесін тиімді есептеу үшін қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Еңбек сүйгіштікке баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, жаратылыстану
Бастапқы білім:	көбейту кестесін біледі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынталандыру. Біз келдік мұнда оқуға Жалқаулықты артқа тастап, Еңбектеніп оқуға. Тырысып, жұмыс жасаймыз Назар қойып тыңдаймыз!	
Сабақтың ортасы	Өзектендіру. «Үндемес», «Математикалық волейбол», «Қай қатар жылдам?», Жаңаны ашу. Қиындықтан шығу жобасын құру. Өзіндік жұмыс	
Сабақтың соңы	Мен: □ Қосындыны санға көбейту ережесін қолданып, әртүрлі тәсілдермен есептеймін; □ Қосындыны санға көбейту ережесіне негіздеп, сандардың көбейту алгоритмін біртаңбалы санға қолданамын.	
Рефлексия	Рефлексия. Бүгінгі сабақта мен түсіндім, мен білдім, анық-қанығына жеттім ...; «Мен ... өзімді мақтан етемін»; «Әсіресе маған ұнағаны ...»; «Бүгін ... менің қолымнан келді»	